

**Қаракемер мектеп-балабақшасында
2023-2024 оқу жылында тәрбие бағыты бойынша
3-сыныпқа жүргізілген жұмыстардың
жылдық талдау қорытындысы**

2023 жылдың қыркүйек айында 3-сыныпта барлығы 4 оқушы, соның ішінде 3 ер бала, 1 қыз бала қабылданды. Сынып жетекшісі- Узақбаева Сайгул.

Ең алдымен сыныптың жаңа оқу жылына дайындығы тексерілді. Оқушылардың мектепке даярлығы тексеріліп, ата-аналармен байланыс жасалды. Тәрбие бағыты бойынша, 2023-2024 оқу жылының тәрбие сағаттарының жоспары бекітілді.

1-қыркүйек күні «Мектебім- мейірім мекені!» атты ашық тәрбие сағаты.

3-сынып бойынша жыл басынан бері көптеген тәрбие сағаттары сыныптан тыс жұмыстар жүргізілді. Алдымен, сыныпта, сынып белсенділері сайланды. « Менің отбасым» «Тазалық денсаулық кепілі» «Оралхан Бөкейге -80жыл!» Сонымен бірге оқушыларға Балалардың көшеде, жолда жүру ережелері түсіндірілді.

Қазан айында, «Ұстаз ұлы -есім», «Қыран елім –Қазақстан» Кітап –досымыз» атты тәрбие сағаттары өткізілді. Жол жүру қауіпсіздігін сақтай отырып, « Қай жерлерден жолдан өтуге болмайды» атты жол жүру ережесі түсіндірілді.

Қараша айында, «15 қараша Тенге күні» атты ашық тәрбие сағаты өтті. « Әкеге ізет, анаға құрмет» « Еңбек адамын құрметте» атты тәрбие сағаты өтті. Тәрбие сағатында оқушыларға еңбек адамдарын құрметтеуге, бағалауға тәрбиелеу бағыты берілді.

Желтоқсан айында «Тарих пен тіл тамырлас», «Тәуелсіз елім –Қазақстаным !» « Үнемі оқитын адам табысты адам» « Жол жүру белгілері және таңбалары » атты тәрбие сағаттары өтті.

Қаңтар айында « Туған өлке» « Мен оқыған бір ертегі» « Тәрбие басы тал бесік» «Мен ата-анаммен мақтанамын» атты тәрбие сағаттары өтті, оқушылар өз туған жерлерін сүйуге, ата-аналарын құрметтеуге, әр уақытта сыйлау керек екенін түсінді.

Ақпан айында, Ата-аналар мекебі бойынша ата-аналармен «Сенімділік жетістіктің кепілі» атты ашық тәрбие сағаты өтті. Тәрбие сағатына ата-аналар қатысып, өз ойларымен бөлісіп, ортаға салды.» « Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ» атты кітапханашы Гүлнар апаймен бірге тәрбие сағаты өтті. Тәрбие сағатында, Гүлнар апай оқушылармен бірге көптеген мағұлмат берді. Менің аталарым батыр болған», Иманды ұл, инабатты қыз» «Біз батырдың ұрпағымыз» тәрбие сағаты өтті. Тәрбие сағатында, оқушылар өз аталарының ерлік істерін, айтып, ойларын ортаға салды.

Наурыз айында, 1-наурыз Алғыс айту күніне бір-біріне, ұстаздарға алғыс білдіріп, өз белсенділіктерін көрсетті. « Бәріде ана бір өзіңнен басталады» атты аналар мерекесіне өз құттықтауларын бейнеқұттықтаумен жолдап, ізгі тілектерін білдірді. Адалдық адамдықтың белгісі» пікір талас өткізілді, оқушылар өз ойларын ортаға салып, бөлісті. Сонымен бірге, «Жаракаттанғанда көрсетілетін алғашқы медициналық көмек» жол ережесі түсіндірілді.

Сәуір, мамыр айларында, « Ұлттық киім-ұрпаққа мұра », « Әкем, анам, және мен», «Менің Отанымның картасы» «Өрле Қазақстан», Ел боламын десең, бесігіңді түзе» « Ұлы жеңіс күні » « Ұлттар достығы» ««Білімім –Отаныма», атты тәрбие сағаттары өтті.

Сонымен бірге оқушылар би, шахмат үйірмесіне қатысты. « Әдемі -ай» үйірмесіне Күмісқали Раяна қатысты. Шахмат үйірмесіне Мұхамбетқали Мадияр, Таңжарбаев Аян қатысып үнемі белсенділік көрсетті. Оқушылар мектепшілік шараларға да белсене араласып, өз белсенділіктерін көрсетті.

Жыл басынан бері ата-аналар жиналысы бес рет өткізілді. Ата-аналар өз белсенділіктерін көрсетіп қатысып отырды. Сыныпта белсенді ата-аналарда бар. Мектеппен үнемі байланыс жасап, ерекше белсенділік танытып отырады.



Сынып жетекші: *У. Узакбаева С.И.*